**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

Қыркүйек айы 2024жыл 1 апта

№ 1 «Күншуақ» кіші тобы

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 2.09.2024** | **Сейсенбі 3.09.2024** | **Сәрсенбі 4.09.2024** | **Бейсенбі 05.09.2024** | **Жұма 06.09.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау.<br>Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру,<br>«Жапырақтар»,саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау<br>Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау барысында баланың сөйлеуін дамыту. (**Балармен жеке жұмыс. )** | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын. Көңілді муызка қою. Қарапайым би қимылдарын орындауды пысықтау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)**<br>Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.«Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы және т. б.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Музыка**<br>музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, | **Дене шынықтыру**<br>педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру | **Дене шынықтыру**<br>бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру<br>Бір орында тұрып екі | **Дене шынықтыру**<br>Бір орында тұрып екі аяқтап секіру<br>Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру | бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта жүгіру<br>Бір орында тұрып екі аяқтап секіру<br>Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу | аяқтап секіру<br>Кедергілі жазықтың бетімен, еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу | тақтайдың үстімен еңбектеу |
| | Қоян қонаққа келеді. Өзімен көп достарын ертіп алып келіпті. Қарандаршы қоянның достарын танисыңдар ма? Жануарларды атау. Топта осындай ойыншықтар бар ма сұрау. Ойыншықтарды ұстап, атттарын атауын дағдыландыру. **(көркем әдебиет)** Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атай білуге үйрету **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Бірдей жануарларды топтастырып ойнату. **(Сенсорика)** | Бір біріміздің артымызға тұрып, поезд болып жүреміз топ бөлмнсінде серуен жасау. Топты аралатып, топтағы заттарды көрсету және атау. Оларды атап, не үшін қолданылатынын түсіндіру. Топтағы заттарды балаларға қолдануға беру. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, сенсорика)** балаларға ойыншықтарды тексшелердің немесе үстел үстіндегі жазықтықта әр түрлі жағдайда орналасуын көрсетіп қайталап орындауын қалыптастыру(жатыр, тұр) **(құрастыру)** | Топқа мысық пен күшік келеді. Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Олардың да мысық пен күшігі бар ма сұрау. Жеке балалардан әңгімелеп беруін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)** Мысық пен күшіктің дене бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Фланелеграфқа мысық пен күшікті топтастырып жапсыру. **(жапсыру)** | Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалар қуыршаққа қалай көмектесеміз деп балалардың бастамасы бойынша іс әрекет жасауды қуыршақты жуындыруды ауызша нұсқау жасаумен үйрету **(сенсорика)**<br><br>Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз, қане доппен ойындар ойнап көрсетейік. Қимылды ойын **«Жүгіріп қағып ал» (дене шынықтыру)** | Балалар бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық тарытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз. Балаларды байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік. **(көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын | Серуенге ойыншық | Жапырақтар теру, | Қуыршақпен көңілді | Серуенде бірге жүріп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**). | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын «Шарды ұста»<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Жеке балалармен тақпақты жаттау.<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>**(көркем әдебиет)**<br>Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқаруды үйрету | Серуенге ойыншық жануарларды алып шығу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атау дағдысын дамыту, үйрету **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Ағаштарды бақылау, жел тұрғанда жапырақтарының қимылына назар аудару.<br><br>Қимылды ойын: «Өз үйінді тап» | Жапырақтар теру, құмыраға салу дағдысын дамыту<br><br>Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары<br><br>Қимылды ойын «Шарды ұста» | Қуыршақпен көңілді ән айтып, би билету.<br>Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айтуды қалыптастыру.<br>**(музыка)**<br>Ауа райның ерекшеліктерін байқау.<br>Жаңбыр, жел, күз сөздерін сөздік қорына қосу.<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын: Поезд | Серуенде бірге жүріп табиғатты бақылауды үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар құрастырып алайық деп құрастыру әдістерін үйрету<br>**(Құрастыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын: «Өз орындығыңды тап» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту.<br>Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Достарымызбен бір қатарға тұрайық, бір біріміздің киімімізден ұстап поезд болып жүрейік. **(дене шынықтыру)** Көңілді музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау **(музыка)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер. Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен жануарлардың бейнелерін табу, фланелеграфқа жапсыру. **(Жапсыру)** балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды парақ бетінде салуын үйрету **(сурет салу)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Ермексазды алақан арасына алып мыжу дағдысын дамыту. Фланелеграф тақтасына доптарды, шарларды жапсыру. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** | Дамытушы орталықтарда балалрдың бастамасымен құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары, парақ бетінде бейнені орналастыру әрекеті және ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру **(Құрыстыру, сурет салу, мүсіндеу)** | Қағаз беріп доп салуды түйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді үйрету. **(сурет салу)** | «Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту **(сенсорика)** Қандай сурет сала алатынымзды көрсетейік. Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау. Балалардың еркін әрекетін дамыту. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру. | топтағы заттарды колдануды үйрету. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. | фланелеграфқа мысық пен күшікті топтастырып жапсыруды үйрету. | .........ға ауа райның ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету. Жаңбыр, жел, күз сөздерін жаттату . | ...............ға байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту<br>Қимылды ойын «Шарды ұста» | Жеке балалармен тақпақты жаттау.<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>**(көркем әдебиет)**<br><br>Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» | Мысықтың және күшіктің дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» | Доппен ойындар.<br>Жеке балалармен тақпақты жаттауды жетілдіру<br>Бала, бала, баламыз.<br>Бақшамызға барамыз.<br>Күні бойы қызыққа,<br>Батамыз да қаламыз.<br>**(көркем әдебиет)** | Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады» |
| **Кешкі ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру.<br>**(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу. | Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу | Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну | Үйде доппен ойнауды ұсыну. | Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

**«Тексерілді»**
**«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының әдіскері:** ________
**У.Г.Нурмухамметова**
29.08.2024ж.